

# «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

**ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН 2018 ЖЫЛ-  
ДАН БЕРІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛІП КЕЛЕ ЖАТҚАН РЕСПУБ-  
ЛИКАЛЫҚ БЕЙНЕСАБАҚТАР МЕН БЕЙНЕДӘРІСТЕР БАЙҚАУЫ-  
НЫҢ КЕЗЕКТІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ. КОНКУРСҚА ЕЛІМІЗДІҢ  
БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, ОРТА, ҚОСЫМША,  
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ  
БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІ ҚАТЫСА АЛАДЫ.**

Байқау екі кезең бойынша өткізіледі: аймақтық және республикалық. Өңірлік кезеңде қатысушылар педагогикалық идеяның мазмұны мен өзектілігін жазбаша түрде негіздеп ұсынады. Әр педагог бір ғана бағыт бойынша бір жұмыс тапсыра алады. Жобалар қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде қабылданады. Ұсынылатын материал бұрын жарияланбаған, өзге байқауларға ұсынылмаған әрі авторлық құқық талаптарын сақтай отырып әзірленген жеке әдістемелік идеяға негізделуі тиіс. Бейнематериал республикалық кезеңге өткен жұмыстар үшін ғана талап етіледі.

**Байқау бағыттары:**

1. Оқу сауаттылығы
2. Математикалық сауаттылық
3. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық
4. Цифрлық сауаттылық
5. Экологиялық сауаттылық
6. Мәдениетаралық сауаттылық
7. Қаржылық сауаттылық
8. Жаһандық құзыреттер.

Сонғы бағыт шетелдік қатысушыларға арналған. Олар кез келген функционалдық мазмұндағы материалдарын осы аталым бойынша ұсына алады. Бұл жаңашылдық байқаудың мазмұндық аясын кеңейтіп, оның халықаралық кәсіби кеңістікпен ықпалдасуына мүмкіндік береді.

Конкурстың өңірлік кезеңіне қатысуға өтінімдер <https://ppi.orgu.edu.kz> сайтында 2 наурыз – 30 маусым аралығында қабылданады.

Айта өтейік, «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауы жыл сайын педагогтер тарапынан сұранысқа ие. 2025 жылы конкурсқа қатысушылар саны 3 есе артып, рекордтық 16 мыңнан астам өтінім түсті. 2025 жылы бағалау қорытындысы бойынша республикалық байқау нәтижесінде, 47 жеңімпаз анықталды. Материалдарды сараптау жұмыстарына «Өрлеу» мамандарымен бірге TALDAU, British Council, ЮНЕСКО және Ұлттық банк өкілдері қатысты. Сондай-ақ өтінімдерді қабылдау мен бағалау алғаш рет [ppi.orgu.edu.kz](http://ppi.orgu.edu.kz) онлайн-платформасы арқылы жүргізіліп, үдерістің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етті.

**Қаламқас ДОСАНҚЫЗЫ,**  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша Кәсіби даму институты филиалының ақпараттық технологиялар және медиа қызметі жетекші маман-баспасөз хатшысы.

# АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫ МЕН АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ. ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ОРНАҒАН ҚОҒАМДА ӘРБІР АДАМ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ТҮСІНІП, ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ҚҰРМЕТТЕП ОРЫНДАУҒА ҰМТЫЛУЫ ТИІС. ӨЙТКЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ, АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚОҒАМ ҒАНА ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ.**

Азаматтық жауапкершілік – бұл адамның қоғам алдындағы міндеттерін сезінуі, мемлекет заңдарын құрметтеуі және қоғамдық тәртіпті сақтауға саналы түрде үлес қосуы. Мұндай жауапкершілік азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырумен қатар, олардың қоғам алдындағы міндеттерін де дұрыс түсінуінен көрінеді. Яғни азамат тек өз мүддесін ғана емес, қоғамдық мүддені де ескеріп әрекет етуі тиіс.

Құқықтық сана – бұл адамның құқыққа, заңға және әділеттілікке деген көзқарастарының жиынтығы. Ол адамның құқықтық білімінен, құқықтық құндылықтарды қабылдауынан және заң талаптарын саналы түрде орындауынан қалыптасады. Құқықтық сана қоғамдағы құқықтық мәдениеттің негізін құрайды және азаматтардың заңды құрметтеу деңгейін айқындайды.

Бүгінгі таңда қоғамда құқықтық сананы қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Өйткені заңды құрметтеу мәдениеті тек құқық қорғау органдарының қызметімен ғана емес, әрбір азаматтың құқықтық санасының деңгейімен де байланысты. Егер азаматтар заң талаптарын саналы түрде орындаса, қоғамда құқықбұзушылықтардың саны азайып, қоғамдық тәртіп нығая түседі.

Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған көптеген шаралар жүзеге асырылып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғам дамуының негізгі шарттарының бірі екенін атап көрсетіп келеді. Заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, азаматтардың құқықтық санасы жоғары болуы қажет.

Азаматтық жауапкершілік білім мен тәрбие арқылы қалыптасады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық білім берудің сапасын арттыру, жастардың құқықтық сауаттылығын көтеру – осы бағыттағы маңызды міндеттердің бірі. Құқық негіздерін меңгерген жас буын өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсініп, қоғам өміріне белсенді араласа алады.

Сонымен қатар азаматтық жауапкершілік қоғамдық өмірге белсенді қатысудан да көрінеді. Мысалы, заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамау мұның бәрі азаматтық жауапкершіліктің нақты көріністері болып табылады. Құқықтық сана мен азаматтық жауапкершілік тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығына әсер етеді. Қоғам мүшелері заң талаптарын құрметтеп, өз міндеттерін адал орындаған жағдайда мемлекет пен қоғам арасындағы сенім нығаяды. Бұл өз кезегінде құқықтық мемлекеттің дамуына және демократиялық құндылықтардың орнығуына ықпал етеді.

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғам жағдайында құқықтық білім мен құқықтық мәдениетті арттырудың жаңа тәсілдері қалыптасуда. Әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары және түрлі қоғамдық платформалар арқылы құқықтық ағарту жұмыстарын жүргізу – құқықтық сананы дамытуға мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі. Дегенмен ақпараттың дұрыстығы мен сапасына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сана – құқықтық мемлекеттің берік негізі. Заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну әрбір азаматтың басты міндеті болуы тиіс. Құқықтық санасы жоғары, азаматтық жауапкершілігі қалыптасқан қоғам ғана әділеттілік пен тұрақтылыққа қол жеткізе алады. Сондықтан құқықтық мәдениетті дамыту – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

**Гульмира КОБЕГЕНОВА,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің аға оқытушысы, з.ғ.м.

# Экономикадағы «бизнес-аналитика» білім беру бағдарламасының маңызы және заманауи қажеттілігі

Қазіргі жаһандану дәуірінде экономика саласы үнемі өзгеріп, дамып келеді. Нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі, цифрлық технологиялардың дамуы және ақпарат көлемінің артуы компаниялардан жылдам әрі тиімді шешім қабылдауды талап етеді. Осындай жағдайда бизнес-аналитика мамандығы ерекше маңызға ие болуда. Бұл мамандық экономиканың түрлі салаларында бизнестің тиімді жұмыс істеуіне, табысын арттыруына және даму стратегиясын дұрыс құруына көмектеседі. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің «Б04104-Экономикадағы бизнес-аналитика» білім беру бағдарламасы студенттердің кәсіби қызметке қажетті оқу нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Экономикадағы бизнес-аналитика білім беру бағдарламасы қазіргі заманғы трендтердің дамуын, сондай-ақ Маңғыстау өңірінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама ақпараттық жүйелер мен технологиялар саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкестендірілген Дублин дескрипторларына сәйкес. Оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын материалдық-техникалық, кітапханалық және ақпараттық ресурстар жеткілікті деңгейде қамтылған. Студенттердің академиялық ұтқырлығы университеттің халықаралық және білім беру қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Академиялық ұтқырлық тетіктерін қамтамасыз ететін сапалы білім беру бағдарламаларына қолжетімділік студенттерге білімнің, академиялық және мәдени тәжірибемен елге оралуына мүмкіндік береді. Академиялық ұтқырлық білім берудің қолжетімділігін, сапасы мен тиімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді және жаһандық білім беру кеңістігін құрудың және адами капиталдың ұтқырлығын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

Студенттердің сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру мақсатында университетте отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен келісімшарттар, келісімдер мен меморандумдар жасалған. Осының шеңберінде студенттер басқа елдерден оқып келу мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар студенттік өмірді құруға жағдай жасалып, құндылықтарды қалыптастыру және құзыреттіліктерін нығайту үшін тартымды әлеуметтік, шығармашылық, көркемдік орта құрылған. Студенттердің оқу іс-шараларына кең көлемде қатысуға мүмкіндігі бар, түрлі мәдени іс-шаралар өткізіледі: «Наурыз» мерекелері, дәстүрлі «Білім күні», «Yessenov Students Party», «Yessenov түлегі», жыл сайынғы «Yessenov Fest» студенттер фестивалі мен байқаулар. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру үшін шығармашылық үйірмелер, спорт секциялары, қызығушылық клубтары жұмыс істейді. Университетте «Union of Yessenov University» студенттік үкіметі және жатақхананың студенттік кеңесі бар.

**Айымжан КОНЫСБАЕВА,**  
Ш.Есенов атындағы КТЖИУ-дің экономика және қаржы кафедрасының доценті, з.ғ.к.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«ҚазТрансОйл» АҚ** 15.06.2026 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысы Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, «Ақтау» БМАС мекенжайы бойынша орналасқан «Ақтау» БМАС. 120 орындық блок-модульдік типтегі асхана ғимаратын салу» жобалары бойынша жария тыңдау өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

**Бастамашы:** «ҚазТрансОйл» АҚ, Ақтау қ-сы, 8-шағынаудан, 38 «Б» ғимарат, e-mail: [Chitayev-S@kaztransoil.kz](mailto:Chitayev-S@kaztransoil.kz), тел. 8(7292)479254.

**Жобалық құжаттаманы өзірлеуші:** «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗӨО» филиалы, Ақтау қаласы, 22-шағынаудан, 10-үй, e-mail: [Kanatbayeva\\_G@kaztransoil.kz](mailto:Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz), тел.: 8(7292) 479347, 479369.

## «ҰЛТТЫҚ САРАПТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ МАҢҒЫСТАУ ФИЛИАЛЫ

Міндетті техникалық байқаудан өткізу кестесі Механикалық көлік құралдары және оларға арналған тіркемелер

№	Аудан атауы, елді мекендердің атауы	Мерзімі (күні) жүзеге асыруға міндетті техникалық байқау	Орны (міндетті техникалық байқау)	Жұмыс уақыты
1	Мұнайлы ауданы	01.06.2026 – 01.09.2026	Ақтау қаласы, Индустриалды аймақ 9, 34	9.00-18.00
2	Түпқараған ауданы	02.09.2026 – 02.12.2026	«Ақтау халықаралық әуежайы» АҚ	9.00-18.00
3	Бейнеу ауданы	03.12.2026 – 03.03.2027	«ҚазТрансОйл» АҚ Сайөтес	9.00-18.00
4	Қарақия ауданы	04.03.2027 – 04.06.2027	Құрық ауылы 2-ш/а, 4-үй	9.00-18.00

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Бузачи нефть» ЖШС** жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: «2026–2029 жж. арналған Шығыс Қаратурун және Солтүстік-Шығыс Қаратурун кенорындары үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы. Түзету»; 2026–2029 жылдарға арналған ҚБД, ӨЭБ, ҚОР ІС Түзетулер.

2026 ж. арналған Теңіз Қаратурун кенорындары үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы. Түзету»; 2026 ж. арналған ҚБД, ӨЭБ, ҚҚС, ҚОР ІС Түзетулер.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45023.40°с.ш 52009.18° в.д. 45021.54°с.ш 52019.41° в.д.

**Қоғамдық тыңдаулар:** 2026 жыл 7 шілде сағат 11:00-де өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір а.о., Шебір ауылы, ауылдық клуб ғимаратында өтеді.

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/86489353098?pwd=bN3UgxyFNgeCSYd0vAMW7AzkuL51du.1>

**Конференция идентификаторы:** 864 8935 3098. **Кіру коды:** 7Bc7JW.

Түтынушы: «Бузачи нефть» ЖШС, Ақтау қаласы, 13-ш/а, 32 «В» ғимарат. тел.: 8 (7292) 290-211. БСН: 931240001487.

**Жобаны өзірлеуші:** ЖК Е.Р.Арустамова, ұялы тел.: +7 701 367 80 71, эл. мекенжайы: [a.ekaterina14@mail.ru](mailto:a.ekaterina14@mail.ru)

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: [a.ekaterina14@mail.ru](mailto:a.ekaterina14@mail.ru)

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) сайтында қабылданады.

# 2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

## «МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

**Заңды тұлғаларға жарты жылға**  
Редакция арқылы 8185,00 теңге  
Қазпошта арқылы 12940,98 теңге  
Индекс 15492

**Жеке тұлғаларға жарты жылға**  
Редакция арқылы 4092,5 теңге  
Қазпошта арқылы 6473,76 теңге  
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!

Бұл бос орын сіздің  
ЖАРНАМАҢЫЗҒА  
АРНАЛҒАН  
ТЕЛЕФОН: 20-48-42

